

REFERENCES

- 1 Akhter, T. Gender Inequality and Literature: A Contemporary Issue. // *Advances in Social Science, Education and Humanities Research*, volume 510. // 6th International Conference on Social and Political Sciences (ICOSAPS 2020). (January, 2020). [in English]
- 2 Rgwan Abdalhameed Shuash, Seriaznita binti Mat Said and etc. Postmodernism: Concepts and Techniques. // *Multicultural Education*. (Volume 7, Issue 7, 2021). [in English]
- 3 Vukolova, V.S. *Literaturocentrichnost' prozy Lyudmily Evgen'evny Ulickoj: intertekstual'nyj aspekt: avtoreferat dis. ... kand. filol. Nauk* (2017) [Literary-centricity of Lyudmila Evgenievna Ulitskaya's prose: intertextual aspect: abstract of thesis. ...cand. philol. sciences], Tambov. [in Russian]
- 4 Sizykh, O., Zhelobtsova, S., and etc. Educational and gender issues and the mythopoetic context of the contemporary Russian and Korean novel: Ludmila Ulitskaya «Medea and Her Children» and Lee Hyeon-Su «New Tales of Gisaeng». // *International Journal of Mechanical Engineering and Technology (IJMET)*. (Volume 9, Issue 9, September 2018). [in English]
- 5 Muff Rebecca A. Contemporary Russian Women Writers: Rejecting Definition in Literary Rebellion. // *UNIVERSITY UNDERGRADUATE RESEARCH FELLOWS*. (April, 2008). [in English]
- 6 Larieva, E.V. *Koncepciya semejstvennosti i sredstva ee hudozhestvennogo voploshcheniya v proze L. Ulickoj: avtoref. dis. ... kand. filol. Nauk* (2009) [The concept of nepotism and the means of its artistic embodiment in the prose of L. Ulitskaya: abstract. dis. ...cand. philol. sciences], Petrozavodsk. Available at: <https://www.dissercat.com/content/kontseptsiya-semeistvennosti-i-sredstva-ee-khudozhestvennogo-voploshcheniya-v-proze-l-ulitsk> (accessed 26.11.2023) [in Russian]
- 7 Buker v Rossii. Finalisty russkoj Bukerovskoj premii (1997) [Booker in Russia. Finalists of the Russian Booker Prize]. Moscow. [in Russian]
- 8 Ulickaya, L. Golubchik. Available at: https://vestnik-kufil.kz/&journal_page=text&pageid=13 (accessed 27.11.2023) [in Russian]

Received: 27.11.2023

MFTAP 17.01.11

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp188-200](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp188-200)

Ж. Секей¹, М. Аманғазықызы²

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, 071417, Қазақстан Республикасы

²А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

КӨРКЕМ СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ ЖЕЛІЛІК ӘДЕБИЕТ ҰҒЫМЫ: ТАРИХЫ, ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақалада әлеуметтік желіде жарық көріп жатқан көркем шығармалардың ерекшеліктерін анықтап, соның негізінде желілік әдебиет ұғымы мен оның шығу төркіні, қазіргі әдеби үдерістегі жай-күйі, негізгі ерекшеліктері қарастырылады. Желілік әдебиет терминінің қалыптасуы мен дамуының тарихи негізіне қатысты мәселелер ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі әдебиеттің де жаһандық желіде таралуына ықпал ететін факторлар талданады. Желілік әдебиетке қатысты қазақ әдебиеттану ғылымында іргелі зерттеудің зәрулігінен мақаланың өзектілігі туындайды. Қазақ әдебиетінде қазіргі желілік жанрларды зерттеуге арналған мақала саусақпен санарлықтай ғана. Бүгінде желілік әдебиет мәселелеріне қатысты жазылған көлемді ғылыми жұмыстардың тапшылығы

сезілуде. Әлеуметтану, әдебиеттану, фольклортану, мәдениеттану сияқты көптеген пәндерде желілік әдебиеттің зерттеу пәніне айналғанына қарамастан, оның ерекшеліктерін ескеретін желілік әдебиетті зерттеудің әмбебап әдістемелік аппараты әлі қалыптасқан жоқ.

Мақалада ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы нәтижесінде ғаламтор желісінің біздің өмірімізге еркін енуімен байланысты желілік әдебиеттің қалыптасу үдерісінің негізгі кезеңдері анықталады. Сонымен қатар, желілік әдебиет ұғымына қатысты айтылған ғалымдардың көзқарастары негізге алынып, әдеби және теориялық тұрғыдан талдау жасалады. Зерттеуде дәстүрлі әдебиеттің бірегей қасиеттерін меншіктеген, әдебиеттанудағы жаңа құбылыс сипатындағы өзіндік ерекшеліктерге ие желілік әдебиет ауқымды ғылыми зерттеудің нысанына айналуы тиіс деген пайымдау жасалады.

Кілт сөздер: ғаламтор желісі, желілік әдебиет, ақпараттық қоғам, гиперсілтеме, желілік автор.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Жаһандық интеграцияның жаңа ақпараттық қоғамды қалыптастырғаны белгілі. Сол себепті ғаламтор желісі арқылы ақпарат көз ілеспес шапшаңдықпен таралуда. Бүгінгі күні ғаламтор біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Ақпараттық дамудың бұл трансформациясы әдебиет пен жалпы көркем өнерге жаңа құбылыс – желілік көркем өнер ұғымын алып келді. Әдебиет те сол өнерлердің ішіндегі ерекшесі ретінде әлеуметтік желі арқылы жаңа бағытта даму жолына түсті.

Қазіргі таңда желілік әдебиет дәстүрлі форматтағы әдебиеттің шекараларына бойлай еніп, сөз өнерін ғаламтор желісінің интерактивтілігі мен технологиялық мүмкіндіктерімен басын біріктіріп отыр. Мақалада біз көркем сөз өнеріндегі желілік әдебиет ұғымын, оның тарихы мен ерекшелігін талдауға ұмтылыс жасадық. Талдау барысында шетелдік ғылыми зерттеулер мен отандық ғылыми талдаулар сараланды. Қазіргі қазақ әдебиеті тарихының желілік бағыттағы дамуы сөз өнерінің жаңа пішінде көрінуімен сипатталады.

Желілік әдебиет деген ұғымның тарихы ХХ ғасырдағы электронды әдебиеттерді зерттеуден тамыр тартқан. Уақыт өте келе ғаламтор желісінің қанатын кеңге жаюы және компьютерде мәтіндерді құруға не болмаса таратуға арналған әртүрлі платформалардың пайда болуы нәтижесінде ол жаңа масштаб пен пішінге ие болды. Желілік әдебиет құрылымының гипермәтіндік әңгімелерден бастап көп қолданылатын онлайн ойындарға дейін түрленуі зерттеушілердің қызығушылығын туғызуда. Көркем өнердің әдебиеттен басқа түрлері де қазіргі уақытта желілік пішінге ауысып жатыр. Бұл жаңа дәуірдің келіп, бүкіл адамзат қоғамы дамудың жаңа деңгейіне аяқ басқанын білдіреді. Олай болса, қазақ сөз өнерінің де осы үрдістен қалмай дамудың жаңа форматында өзін көрсете алуы маңызды.

Бүгінде әлеуметтік желі көркем сөз өнері мен әдеби қоғамдастыққа айтарлықтай ықпалын тигізіп отыр. Оның ықпалын желілік мәдениет пен технология элементтерін кіріктіретін мәтіндерден, түптеп келгенде, әдеби шығармаларды тарату мен қабылдау тәсілдерін трансформациялауынан байқауға болады.

КІРІСПЕ

XX-XXI ғасырлар тоғысында өмірімізге енген сандық инновациялар ақпаратты жеткізудің жаңа технологиялық нысандарының әлеуетін іске асыруға мүмкіндік берді. Бұл мүмкіндік әдеттегі қарапайым тәжірибелік міндеттер мен мақсаттарды шешу тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар ғаламтор қолданушыларының эстетикалық ұстанымдарын іске асыру жағынан да әлеуетті, ауқымды күшке айналды.

Бүгінде жаһандану үдерісі, сандық форматқа көшіру, техникалық прогресс пен ғаламтордың көз ілестірімес шапшаңдықта дамуы соңғы онжылдықтарда адамзат өмірінің осы жаңа технологиялармен тығыз байланысты болуына ықпал етуде. Адам баласы ғаламтор

арқылы әртүрлі зерттеулер жүргізіп, статистикалық мәліметтерді жинап, әр алуан ақпараттармен алмасып, әдеби, мәдени және ақпараттық деректерді жариялап, ғаламдық желіде жұмыс істеуге көшті. Осылайша, адамдардың жеке шығармашылық жұмыстарын әлеуметтік желілерде және интернет-порталдарда көпшілікке ұсынуға мүмкіндік беретін арнайы веб-сайттар өмірге келді. Тарих сахнасында компьютерлік және ақпараттық дәуірдің пайда болуы техногендік қоғамның қазіргі ғылымның жаңа түрі ретінде болашақта үлкен маңызға ие екендігін дәлелдеп берді.

Ғаламтор желісіндегі шығармашылыққа әуел бастан ешқандай талап та, шектеу де қойылмады. Желідегі әдебиет қолына қалам ұстаған әрбір адамның еркін шығармашылыққа баруына жол ашты. Демек, бұл әрбір автор өзін шығармашылық адамы ретінде көрсете алады деген сөз. «Ғылым мен технология қарыштап дамып, адам баласының алдына сан-салалы жеңілдіктерді жайып салғанымен, рухани-мәдени дүниесінде қылаңдана бастаған түрлі дағдарыстарға тосқауыл болуға қауқарсыз қалып танытуда. Осындайда әр халықтың өзіндік төлтума қазынасы мен жалпыдүние жұртшылығына ортақ болған рухани құндылықтарды насихаттау ісі аса қажет екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Әсіресе, сөз өнерінің міндеті бөлек бұл жерде. Өйткені, «әдебиет – ардың ісі» [1, 506].

Желідегі көркем шығарманың мүмкіндігі мол. Себебі оны оқу үшін көп уақыт кетпейді және оның астына өз ойыңды, пікіріңді тікелей жазып қалдыруға болады. Бұл желідегі шығармашылықтың жаңа қарқынмен дамуына өз үлесін қосып отыр. Сонымен бірге желідегі көркем шығарманы тек оқып қана қоймай, оны тыңдап та танысудың мүмкіндігі мол. Қазақ әдебиетінің жаңа туындыларын диктор Қуат Ахметжанның және тағы да басқа кәсіби және кәсіби емес адамдардың оқып бергенін тыңдап танысу мүмкіндігі де артып отыр. Барлық өнер түрлері осы бағытта жаңа бір тыныс алып дамып келе жатқандай. Ендігі бір өзекті мәселе көркем шығармалардың көбінің көркемдігінен гөрі ақпарат беруіне назар аударылып кетуі сияқты дүниелерде болып отыр. Желілік әдеби туындылардың барлығы бірдей көркемдік талаптар деңгейінен шықпай жатуы да мүмкін. Сондықтан да бұл бағыттағы туындылардың талдауына назар аударып, олардың сапалық деңгейі мен оқырманына тигізетін рухани әсеріне де назар аударған дұрыс болар еді.

Бүгінде таңдаулы қандай да бір музыкалық шығарма, бейнелеу өнерінің озық үлгілері дейсіз бе, роман, сонет, поэма, тіпті прозалық және поэтикалық туындыларға дейін оңай қол жеткізуге болады. Ресейлік ғалым А.С. Рослый ғаламтордың кең ауқымдылығын, жаппай таралуын және желілік әдебиеттердің қолжетімділігін атап өтеді [2, 50]. Қазірдің өзінде ғаламтордың ақпарат алмасудың негізгі арнасына айналғаны анық. Әрине, бұл әлеуметтік және мәдени ақпаратпен алмасудың күнделікті хат алмасудан өзіндік ерекшелігі бар. Бүгінгі таңда ғаламтор – қазіргі қоғамның, мәдениет пен әдебиеттің айнасы. Біз ғаламтордағы әдебиетті немесе желілік әдебиетті жаңа бағыт ретінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени құбылыс, яғни әдеби үдерістің дамуына қолайлы орта ретінде қарастыруымыз қажет. Демек, қазіргі әдеби үдерісті зерттеу алдыңғы дәстүрлі талдау мен зерттеу шеңберінен шығып, кең ауқымда, жаһандық контексте зерделенуі тиіс.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы әдебиет теориясы мен теологияның әлеуметтану, мәдениеттану және философия сияқты гуманитарлық пәндермен пәнаралық байланыстары негізінде желілік әдебиетті зерттеуге арналған әдістемелік аппаратты әзірлеуді қамтиды. Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы: зерттеу нәтижелері ғаламтордағы ұлттық әдебиет мәселелерін, әдебиет пен бұқаралық мәдениеттің өзара әрекетін, қазіргі мәдениеттегі қарқынды үдерістерді, әрі қарайғы ғылыми зерттеулерді, сондай-ақ филологиялық пәндерді оқыту практикасын, соның ішінде жаңа әдеби үдерістің тарихы бойынша курстар, әдебиет теориясы бойынша арнайы курстар мен семинарларды, әдебиет теориясы мен басқа да гуманитарлық ғылымдардың пәнаралық байланыстарына арналған пәндерді оқытуда қолдануға болады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Мақаланы жазу барысында қарастырылып отырған мәселелер бойынша ғылыми жұмыстар мен деректерді талдау, анықтамалық-библиографиялық аппаратын құру сияқты жалпы ғылыми эмпирикалық тәсілдер қолданылды. Методологиялық тәсіл ретінде әдеби сынның заманауи жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде танылған желілік әдебиеттің көп қырлы талдауын қамтамасыз ететін жүйелік, тарихи-мәдени, салыстырмалы тәсілдерге жүгіндік.

Бұл тақырып Ресейде 1990 жылдардың соңында талқылана бастады. «Сетевая грамотность» («Желілік сауаттылық») мамандандырылған әдеби порталын қолданушылар – теоретиктер (Э. Шмидт, В. Шельтенс), авторлар, ақындар мен жазушылар (Э. Горный, Л. Вишня, Д. Манин, И. Петров, М. Митренина, т.б.) осы бағытта біршама зерттеулер жүргізді [3]. Жаңа мыңжылдықтың басында желілік әдебиет мәселелері академиялық зерттеулердің нысанына айналды. Атап айтқанда, С. Корневтың «Теория сетературы» және М. Наседкинаның «Сетература или Neteratura» атты мақалаларымен бір уақытта жарияланған Ю. Ракит, А.Б. Долгополов, О.Б. Скородумовтың еңбектері болашақ зерттеулердің бағыттарын анықтауға септесті. Профессор А. Гаджиевтің «Сетература: история, типология и поэтика русской сетевой литературы» атты арнайы курсы желілік әдебиеттің ішкі эстетикалық құндылығы туралы мәселені күн тәртібіне қойды. Соңғы он-он бес жылдағы зерттеулердің ішінде Е.В. Пономарева, Т.В. Шомина, Е.И. Григорьева және И. Ситдинов, А.А. Минор және Ф.А. Катаевтың электронды байланыс құралдарының дамуына байланысты проза поэтикасының трансформациялануы турасындағы диссертациялық еңбектері ерекше көзге түседі. Т.М. Колядичтің еңбектерінде ғаламтор ғасырындағы оқырманның сұранысын қалыптастыру үдерісінде авторлық стратегияларға арналған қазіргі әдебиеттің мәселелері зерделенді [4]. Ю.В. Щербинина еңбегінде желілік ортаға қатысты буктрейлер (ағыл. Booktrailer) (кітапты жарнамалауға арналған қысқа видео) мен фанфик тәрізді құбылыстарды қарастырды [5]. Біздің бүгінгі зерттеуіміздің де басты нысаны – қазақ әдебиетіндегі желілік туындылардың көркемдік қуаты мен эстетикалық сапасын анықтап, олардың даму бағыты мен оларға жасалып жатқан әдеби сын туралы да ойымызды тиянақтау.

НӘТИЖЕЛЕР

Желілік әдебиет – ғаламтор желісіндегі барлық әдеби шығармаларға тән, тар әрі кең семантикалық өріске ие таралым аумағы үлкен сөз болып саналады. Кең семантикалық өрісте желілік әдебиет ұғымы ғаламторда жарияланған кез келген әдеби туындыға қатысты болып келеді. Бұл термин тар мағынасында, желілік әдебиеттің өзіне тиесілі арнайы ғаламтор мүмкіндіктерін қолдана отырып, тікелей ғаламтор желісінде жазылған шығармалар ретінде анықталуымен сипатталады. Дәл осы себепті бұл шығармаларды дәстүрлі әдеби тасымалдағышқа, яғни қағазға көшіру мүмкін емес. Өйткені желілік шығарманы көшіру кезінде шығарма өзіндік сипатын жоғалтады, түрлік елеулі өзгерістерге ұшырайды, өзінің бастапқы мәнінен айрылады.

«Электронный текст предоставляет новые возможности для развития взаимодействия между автором, текстом и читателем, а также устанавливает новые процедуры чтения и записи, формируя моделируемое пространство, подходящее для взаимодействия, то есть экран, вместо прежнего общего статичного холста» [6, 357] деген ғалым пікірі ойымызды бекіте түседі.

Желілік әдебиет – бұл ғаламторда жарияланған әдеби шығармалар жиынтығын белгілеу мақсатында қолданылатын ұғым. Желілік кеңістіктегі әдебиеттерді үш санатқа бөлуге болады: біріншісі – бастапқыда кітап болып басылып шыққан, кейіннен ғаламтор желісіне орналастырылған әдебиеттер; екіншісі – әуел бастан ғаламтор желісінде жазылған, қағаз нұсқасы жоқ, содан кейін ғана туындының сапасын жоғалтпай қағазға көшірілген әдебиеттер;

үшіншісі – қағаз түрінде басылып шықпайтын, ғаламтор желісі арқылы ғана қолжетімді, жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып жазылған, ғаламторға арналған әдебиеттер.

Желілік әдебиеттің дәстүрлі әдебиеттен ара жігін ажырататын бірнеше түбегейлі айырмашылықтардың астын сызып көрсетуге болады:

Біріншіден, ғаламтор желілік авторларға қағаз тасымалдағыштарды қолдану кезінде қолжетімді емес құралдар мен әдістерді ұсына алады. Ғаламтор желісіне жүктелген әдеби шығармаға дыбыстық файлдарды, фотосуреттерді, бейне файлдарды еш қиындықсыз орналастыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, мәтіннің интерактивтілігін айтар едік. Желілік автор өз оқырмандарына мәтінді белгілі бір ережелерге сәйкес не болмаса еркін аяқтауларына септеседі. Желілік әдебиет тек түр жағынан ғана емес, сонымен бірге оқырмандармен өзара қарым-қатынасы арқылы да сипатталады. Ол оқырмандарға шығарманың сюжетін өзгертіп, мәтіннің жеке нұсқаларын жасауға немесе тіпті шығарманы жазуға қатысуға мүмкіндік береді. Әсіресе шығарманы интерпретациялауда оқырманға жол ашады. Мұндай интерактивтілік дәстүрлі әдебиеттің шекарасын кеңейте отырып, оқырман мен автордың рөлін қайта қарастыруға жетелейді.

Сандық көркем мәтінді анықтау контекстінде желілік әдеби шығармалар мен тек электронды ортада жазылатын, жарияланатын және сақталатын көркем мәтіндер арасындағы айырмашылықтарды анықтау өте маңызды.

ТАЛҚЫЛАУ

Әлбетте, «әдебиет» ұғымы «желілік әдебиет» сөзіне қарағанда әлдеқайда кең әрі ауқымды. Алайда, әдеби үдерістің балама түрі ретінде дүниеге келген желілік әдебиет аз ғана уақыт ішінде қазіргі әдебиеттің ең жылдам дамып келе жатқан сегменттерінің бірі ретінде қалыптасып үлгерді. Бүгінде «желілік әдебиет» ұғымы әдебиеттану әлемінде жаңалық емес, дегенмен де бұл ұғым отандық әдебиетімізде белгілі болғанымен, әлі күнге дейін ешқандай теориялық және әдіснамалық негізі қаланбағаны, іргелі ғылыми зерттеулердің жазылмағаны да рас. Қазір авторлар ғаламтор желісінен оқырмандарын іздейді, оқырмандар әдеби ортаға енген жаңа есімдермен кітапханада емес, желі арқылы танысады. Ғаламдық желі танымал жазушылар үшін өз шығармаларын көпшілікке ұсынудың кең таралған және қолжетімді құралы сияқты баспаға айналды деп айтуға болады.

«Интернет стал средой обитания писательского искусства. Даже литературное пространство в Интернете имеет более широкий охват, чем традиционное литературное пространство. Особенно в то время, когда современные экономические и коммерческие требования начали вытеснять традиционное литературное пространство, на сцену вышел Интернет. Интернет поглощал литературную жизнь на протяжении всего своего развития и постепенно начал вносить изменения» [7, 153] деген Сергей Чуприниннің пікірі біздің ойымызды қуаттай түседі.

Әлемдік көркем сөз өнеріндегі желілік әдебиет тұжырымдамасы 1971 жылғы Майкл Харттың gutenberg.org – Гутенберг жобасынан бастау алады [8]. Бұл әдебиетті жаңа форматта сақтаудың, ғаламтор кеңістігіне енгізудің алғашқы қадамы еді. Негізінде ғаламтор кеңістігіндегі әдебиет заманауи баспахана, заманауи мұрағат және шығармашылық орта рөлін еншілеген әмбебап жүйе.

1995 жылы Ресейде «Роман» атты тырнақалды интерактивті әдеби жоба іске қосылды. «Романның» бірінші тарауын Тарту университетінің филологы Роман Лейбов жазған еді. Сол кезде «Сетевая словесность» интернет-журналының редакторларының бірі Георгий Жердев желілік әдебиетке қатысты екі мәселені күн тәртібіне талқылауға ұсынды. Осы екі сауалдың бірі – пішінге, екіншісі – мазмұнға қатысты болды. Яғни, біріншісі ғаламтор желісіндегі әдеби үдерістердің ерекшеліктерін, ал екіншісі желілік әдебиеттің өзін-өзі сәйкестендіруі, осы құбылысты өнердің жаңа түрі ретінде мойындау мәселелерін қарастырады. Желілік әдебиет туралы пікірталас барысында Роман Лейбов, Сергей Корнев, Алексей Андреев, Роман

Делицын, Георгий Жердев сияқты желілік әдебиет өкілдері «желілік әдебиеттің» «дәстүрлі әдебиеттен» келесідей айырмашылықтарын атап көрсетті:

1. Жұмысты тікелей ғаламтор желісінде жаза алмау және оны ғаламтордан тыс оқу;
2. Көркем шығарманы жасаушы ретіндегі автор рөлінің айтарлықтай дәрежеде төмендеуі, оқырманның шығарманы жазу үрдісіне араласуы салдарынан мәтіннің көпавторлығы пайда болады;
3. Көркем әдебиет әдісі ретінде ғаламтор желісі арқылы мультимедиялық технологиялар мен заманауи гипермәтіндерді қолдану;
4. Негізгі, бастапқы мәтінді бірнеше рет өзгерту, толықтыру, қайта жазу мүмкіндігі.

Георгий Жердев желілік әдеби шығармалардың пішінін анықтайтын негізгі алғышарттар ретінде келесілерді атап өтеді:

1. Әдеби үрдісті бақылаудың бәсеңдеуі;
2. Контенттің вариативтілігі (кез келген уақытта өңдеу мүмкіндігі);
3. Реалды уақыт пен кеңістіктегі жұмысты бөлу;
4. Бірнеше автордың болуы [9, 11].

Осы алғышарттарға сүйене отырып, «желілік әдебиет» пен «дәстүрлі әдебиет» арасындағы шекараны анықтаған кезде, біз ғаламтордағы жазу өнерін әлеуметтік және мәдени құбылыс деп танымыз. Төмендегі кестеде желілік әдебиет пен дәстүрлі әдебиеттің әдеби үрдістегі атқаратын рөлі мен орнын көрсетуге тырыстық.

Кесте 1. Желілік және дәстүрлі әдеби шығармалардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары

<i>Желілік әдеби шығармаларға тән негізгі ерекшеліктер</i>	<i>Дәстүрлі әдеби шығарма (ұқсастықтар мен айырмашылықтар)</i>
Көркем шығарманың белгілі бір түрі	Көркем шығарманың белгілі бір түрі
Гиперсілтемелерді қолдану	Гиперсілтемелер болмайды, өзге авторлардың жұмыстарына сілтемелер жасалуы мүмкін
Шапшаңдық (мәтінді өзгерту, қарпінің өлшемін кішірейту не болмаса үлкейту мүмкіндігі)	Кей жағдайларда ғана мәтінді қайта толықтыруға болады, дегенмен көп жағдайда негізгі мәтін сақталады
Мультимедиялық (аудио, кескін, видео)	Суреттермен, түрлі иллюстрациялармен безендірілуі мүмкін
Автор санының бірнешеу болуы	Әдетте бір авторға ғана тиесілі болады
Авторлардың ашықтығы	Кей авторлар туындыны өз аттарынан емес, бүркеншік есіммен жариялауы мүмкін. Алайда, желілік әдебиетте де осы жағдайдың болуы мүмкін екенін атап өткен жөн
Оқырманның оқыған туындыға пікір жазып, оны жариялау еркіндігі	Мұнда оқырманнан гөрі кәсіби сыншылар мен әдебиеттанушылардың пікірлері басым түсіп жатады

Дәстүрлі және желілік әдеби сын арасындағы негізгі айырмашылықтар ғаламтордағы сын объектісін анықтау тәсілдерінде жатыр. Дәстүрлі әдеби сынды айту кезінде сыншылар шығарманың тікелей авторы кім екенін нақты біледі, ал желілік әдебиетке келетін болсақ, бұл жерде бәрі анық болғанмен, бірақ көп жағдайда түсініксіз, белгісіз болып келетін сәттер де ұшырасып қалады. Демек, бір шығарманың бірнеше авторы болған жағдайда белгілі бір автор ғана емес, сын садағына бірнеше автор ілінеді. Сондай-ақ, желілік әдеби сын автор мен оқырман функциялары тұрғысынан бір мезетте екі функцияны қатар орындайтынын атап өткен жөн. Ғалым Е. Ермолиннің айтуынша, «автор становится читателем других авторов; читатели, в свою очередь, пытаются поставить себя на место авторов, благодаря развитию интернет-сообществ авторов текста может быть несколько, являясь авторами и читателями»

одновременно» [10, 44]. Желілік әдебиет сынының зерттеу нысаны ауқымды болып келетіндіктен желілік әдебиетке тән деп ат қойып, айдар тағылған барлық жанрларды қамтиды.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі әдеби сын саласында да көптеген жаңалықтар алдымен әлеуметтік желі арқылы тарайтын болғандықтан, кейбір шығармалардың талдауы мен пікірлердің айтылуы да сынға саналып жатады. Бірақ қарапайым оқырманның сыны бағалы дегенмен де көркем шығармаға кәсіби сын айту жағы кемшін түсіп жатады. Сонымен бірге өнер байқауларында да әлеуметтік желі арқылы бағаланып, «дауыс» көп жинаған бірақ көркемдігі орташа туындылардың алдыға шығуы да жиі байқалады. Сол себепті мұндай сайыстар мен байқауларда басты ұстаным кәсіби сыншылардың пікірінің ескерілуі болу керек.

Желілік әдебиет ұғымының атауы орысша «желі» сөзі мен халықаралық қолданыстағы «әдебиет» сөзінің синтезінен жасалған [11]. Орыс әдебиеттану ғылымында сәтературадан басқа, әдеби сегменттегі «орыс әдеби желісі» тіркесін қысқарту арқылы құрылған «rulinet» атауы да қолданылады. Шетелдік желілік әдебиетті зерттеушілер электронды әдебиет, сандық әдебиет, кибермәтін сияқты терминдерді қолданумен қатар, ғаламтор желісінде жарияланған көркем шығармаларға сілтеме жасау үшін Network fiction терминіне жүгінеді.

«Желілік көркем әдебиет» терминінің қалыптасуы мен даму үдерістері 1980 жылдары Джуди Мелло мен Майкл Джойстың жүргізген «гипермәтіндік» тәжірибелерінен және жаңазеландиялық автор Дэвид Циккорикконың 2007 жылы жарық көрген «Желілік көркем әдебиетті оқу» атты еңбегінен бастау алады. Ал кубалық жазушы және ақын Хуан Гутьеррес «компьютер» және «әдебиет» сөздерін анықтаушы симбиоз әдебиет («әдебиет» + «электроника») деген түпнұсқа терминді ұсынды. Кейіннен біз орыс әдебиеттануындағы нетература ұғымы М. Наседкинаның ағылшын тіліндегі «нетература» терминін орыс тіліне аудару барысында өмірге келгенін пайымдадық. Реттбергтің «Электрондық әдебиет» тұжырымдамасы дербес компьютер немесе желіге қосылған компьютер арқылы жазылған және оқылған әдеби шығармаларды қамтиды [9, 13].

Жоғарыда аталған ғылыми еңбектерден басқа, зерттеушілер желілік әдебиетті зерттеу мәселесімен қоса оның зерттеу кезеңдерін де анықтай бастады. Осы бағытта зерттеулер жүргізген және ғылыми мақалалар жазған С.С. Бурцева желілік әдебиетті зерттеуді үш кезеңге бөліп қарастырады:

бірінші кезең – желілік әдебиет турасындағы алғашқы мақалалар мен пікірталастар (1990-1999).

екінші кезең – желілік әдебиет мәселелерін теориялық тұрғыдан түсіну, желілік әдебиет теориясы (2000-2012).

үшінші кезең – желілік әдебиет туындыларын талдау (2012 жылдан қазіргі уақытқа дейін) [12, 20].

Ғалымның осы тұжырымына сүйене отырып, белгіленген кезеңдердің ғылыми және практикалық маңыздылығына баса назар аудару қазақ әдебиеттану ғылымы үшін пайдалы болары анық. Өйткені, ғаламтор желісі – бұл қоғамның сұранысынан туындаған құбылыс, ал әдебиетке деген сұраныстың кез келген кезеңде өзектілігін жоғалтпайтыны сөзсіз.

Сонымен қатар, әдеби ғаламтор кеңістігі дәстүрлі кеңістік-уақыт ұғымдарын ғана емес, сонымен қатар «автор» және «оқырман» ұғымдарының жалпы анықтамаларын да трансформациялауға жол ашты. «Көп оқылатын мәтіннен» «көп жазылған мәтінге» көшу ғаламтордағы желілік әдебиеттің қарқынды дамуы аясында өтеді. Заманауи желілік әдебиет – бұл дәстүрлі әдебиеттің барлық жанрларының күрделі қоспасынан тұратын және өзіндік ерекшеліктері бар әдеби үдеріс. «... XXI ғасырдағы ақпараттық технологиялар кітаптың орнын басатын аудио, видео, желілік, кибер әдебиет тәрізді әдебиет түрлерін ұсынып отыр. Ғаламтор желісі миллиондаған ақпараттар қорын, көптеген халықтың мәдени мұрасын, оның ішінде әдеби шығармаларды сақтап қана қоймай, олардың таралу аясын кеңейтуге бағытталғандығы желілік әдебиеттің туындауына себеп болды» [13, 146].

Желілік әдебиет қалам иелеріне заманауи көркемдік санаға тән заңдылықтарды анықтауға, желілік жазу стратегияларының жиынтығын құруға, ғаламтор желісіндегі мәтінді

түсінудің эстетикалық, формальды және технологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, туындыларын жариялауға, желі мен оқырмандардың бұқаралық аудиториясы күткен талғам мен таңдауға сәйкес туынды жазуға қозғау салды.

Ғаламтор желісін кітапханаға шынайы бәсекелес бола алатын желілік әдебиетті дамытудың алғашқы кезеңі деп айтуға болады. Ғаламтордағы жарияланымдардың санын есептеу мүмкін емес, себебі олар өте көп. Осындай артықшылықтарға ие, кітапханамен бәсекеге түсуге қабілетті желілік әдебиет өткен ғасырдың 90-шы жылдарының соңында біртіндеп қалыптаса бастады. Көптеген баспа иелері кітаптар мен мерзімді басылымдарды сканерлеп, ғаламтор желісіне жариялай бастады. Осылайша кез келген адам үйден шықпай-ақ, денеге қосымша физикалық салмақ салмай қажетті ақпараттың көп бөлігін ғаламтор желісінен электронды түрде алуға қол жеткізді. Сөйтіп кітаптың ғаламтор желісінің көлеңкесінде қалып қоюы салдарынан көпшіліктің жаңа ақпаратты табу үшін кітапханаға бару қажеттілігі азая бастады.

Елімізде 2000 жылдан бастап ғаламтор желісінде алғашқы әдеби басылымдар дүниеге келе бастады. Тіпті кейбір авторлар баспалардан бас тартып, өз туындыларын тек ғаламтор желісінде жариялауға шешім қабылдады. Осы кезеңде ғаламторда жарияланған түрлі мақалалар, проза және поэзия дәстүрлі форма меншіктеген қағаз түрінде шығуын тоқтата бастады.

Қазіргі таңда желілік әдебиет дәуірі суырылып алға шықты. Ғаламтор желісі жаһандық сипаттағы заманауи әдебиеттің қалыптасуына ықпал етті. Кәдімгі мәтіннен өзге гипермәтіндер де қолданысқа енгізілді. Түрлі құрылымдарға иелік еткен желілік әдеби туындының айрықша ерекшелігі – оның көз ілеспес шапшаңдығы болды.

Соңғы кезеңге дәстүрлі әдебиет пен желілік әдебиеттің өзара әрекеттесуі турасындағы сан түрлі болжамдар жатады. Желілік әдебиет дәстүрлі әдебиетке белгілі бір шамада ықпал еткенмен оны толығымен жойып жіберуге қауқарсыз. Дегенмен болашақта осы салада қандай өзгерістер болатынын уақыт көрсетеді.

Ғалымдар А.М. Ахметова мен Н.Б. Ақыш желілік әдебиеттің екі негізгі қырын ажыратып көрсетеді. Дәстүрлі өнер туындыларының желілік нұсқасы желілік әдебиеттің бір қырын танытса, ал екінші қыры – өзге өнер түрлері мен заманауи технологиялық құралдарды синтездеу арқылы іске асырылатын және ғаламтор кеңістігінде өмір сүре алатын сөз өнері. «Алғашқы түрі Қазақстанда қарқынды белең алған. Қазақ әдебиетінің әр дәуіріндегі туындылардың цифрлық нұсқасы және қарапайым мәтін күйінде adebiportal.kz, kitap.kz, kazneb.kz, madeniportal.kz сынды порталдар мен [instagram.com](https://www.instagram.com), [facebook.com](https://www.facebook.com), [vk.com](https://www.vk.com), [telegram.org](https://www.telegram.org), т.б. әлеуметтік желілерде таралады.

Екінші түрі – компьютердегі ақылды бағдарламалар арқылы музыка, ән, кескіндеме, сурет, кино өнерінің элементтері сөз таңбасымен синтезделіп, компьютер мониторында жасалатын әдеби шығарма» [14, 278].

Көркем мәтіннің электронды форматы автор үшін де, оқырман үшін де бірқатар артықшылықтарға ие. Әсіресе мұның жалпыға қолжетімділігі, яғни компьютер желісіне емін-еркін кіре алу авторға да оқырманға да қолайлы орта туғызады. Автордың шығармасын көптеген оқырмандар оқи алады. Дегенмен ғаламтор желісіндегі туындыларды оқитын оқырмандардың санын мыңға не болмаса миллионға жеткізу авторға оңайға соқпайды. Ал кітап етіп мыңдаған тиражбен шығаратын авторлардың өзі некен-саяқ.

Енді оқырмандар көзімен қарастырып көрейік. Ғаламторға тегін кіру, желінің қолжетімді болуы, тегін ақпарат алмасу оқырманға тиімді болуы мүмкін. Компьютер желісінде ересектерге, балаларға, егде жастағы адамдарға арналған кітап таңдауының молдығы, ақысыз ұсынылатын көз сүріндірер кітаптар бүкіл әлемде оқырмандар санының артуына ықпал еткені сөзсіз.

Осылайша, қазіргі қоғамның «ақпараттандырылуына», «цифрландыруына» байланысты ақпараттық және әлеуметтік жағынан трансформацияға ұшыраған желілік әдебиет жан-жақты зерттеу мен талдауды қажет ететін күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс деп тануға болады.

Орыс ғалымы А.Ю. Долгополов осы тақырыптағы диссертациялық зерттеуінде желілік әдебиеттің құрылымдық элементтері іске асыратын негізгі функцияларды анықтап берді:

1. мәтінді толық беру;
2. жаңа жұмыстарды жедел жариялау;
3. туындыны әдеби және сыни тұрғыдан бағалау;
4. туындыны таңдау кезінде оқырманның бағдарлануы;
5. әдеби үрдісті реттеу;

6. оқырманды әдебиеттің ең озық деген үлгілерімен таныстыру, олардың әдеби талғамын қалыптастыру;

7. рекреациялық-ойын функциясын іске асыру [15, 34].

Желілік әдебиет ұғымы кең мағынада ғаламтор желісіне орныққан қайсыбір әдеби туынды деген мәнде қолданылады. Ғаламтор желісінің осындай ерекше қасиетін ескере отырып, оны қалам иесінің өзін-өзі танытуының әмбебап құралы деп айтуымызға болады. Бүгінде ғаламтор бізге кез келген мезетте романдарымызды, әңгімелерімізді, эсселерімізді, поэзиялық туындыларымызды жариялауға мүмкіндік беріп отыр. Ғаламдық желіге сиясы кеспеген жұмыс жүктеле салысымен күллі әлем оны бір уақытта оқып, талқылауға мүмкіндік алады.

Автор өзінің жарияланған жұмысы жайында әлемнің төрт бұрышынан желі арқылы пікірлер алмасып, диалог алаңын құра алады. Демек, желілік әдебиетті жаңа бағыттардың бірі, жаһандық және күнделікті әдеби алаң деп санауға болады.

Желілік әдебиет терең зерттеуді қажет ететін әдебиет. Бүгінде әдебиеттің осы түріне қатысты көптеген түйіні шешілмеген күрмеулі мәселелер бар. Мұндай мәселелерге гипермәтін, кибература, желілік әдебиетке арналған терминдер мен глоссарийлерді бірізге түсіру, желілік оқырман, автор мәселесі, желілік әдебиет пен постмодернизм арасындағы жанрлық ұқсастықтар мен айырмашылықтар жатады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Желілік әдебиет пен дәстүрлі әдебиеттің жанрлық айырмашылықтары мен ұқсастықтарын салыстырмалы зерттеу сөз өнеріндегі өзекті мәселенің бірі. Виртуалды ортада кітаптың орнын басқан желілік әдебиеттер дәстүрлі форматтан айтарлықтай ерекшеленіп тұрады. Көбінесе блогтарда, әлеуметтік желілерде және интерактивті платформаларда орныққан желілік әдебиеттерде жеке автордан бірлескен шығармашылыққа не болмаса аудиториямен кері байланыс орнатуға баса назар аударылады. Бұл желілік әдебиеттердің молаюына, шығарманың пішіні мен құрылымының динамикалық және эксперименттік тұрғыдан ашық болуына жәрдемдеседі. Дәстүрлі әдебиет өзінің құндылығы мен маңыздылығын сақтағанымен, сандық дәуірге бейімделуге тырысып, желілік әдебиеттің элементтерін енгізе бастады. Әдебиеттің осы түрлерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ұғыну әдеби зерттеулер мен сөз өнерінің болашағы турасындағы академиялық пікірталас үшін өте маңызды.

Зерттеуде сонау мифологиядан бастап, фольклордан қағаз бетіне таңбаланған жазбаша әдебиетке дейінгі әлемдік мәдениеттің, тарихтың, адам эволюциясының бүкіл даму кезеңін және ғаламдық өркениеттің жетістігін – онлайн-әдебиеттің өзара байланысын, негізгі айырмашылықтары мен ерекшеліктерін қарастырдық. 1971 жылы Гутенберг жобасын іске асырудан бастау алған бүгінде әдеби үдеріске енген жаңа құбылыстың даму үдерісі талданды. Желілік әдебиет мәдени, әлеуметтік, ақпараттық және әдеби кеңістіктің барлық қасиеттерін бір нүктеге тоғыстыратын ерекше шығармашылық орта ретінде анықталады. Желілік әдебиеттің даму тарихы мен ерекшелігі әдеби дәстүрдің жаңа технологиялық мүмкіндіктерімен және өнерді қабылдаудағы өзгерістермен тоқайласып жатады. Енді болашақта бұл терминді ғылыми зерттеудің күрделі нысаны ретінде қарастыру қажет. Әлемдік әдебиет пен орыс әдебиетінде жан-жақты зерттелген желілік әдебиет ұғымы ұлттық әдебиетімізде де тыңғылықты зерттеліп, ғылыми айналымда өз орнын табады деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ақыш Н. Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – А.: Evo Press, 2014. – 708 б.
- 2 Рослый А.С. Желілік әдебиет өзекті әдеби үдерістің дерегі ретінде // Оңтүстік Федералды университетінің Хабаршысы. Фил. сериясы – 2012. – № 2. – Б. 50-56.
- 3 Kenzhekozhaeva A., Mambetov J. O. History of formation and development of the concept of digital literature // Керуен. – 2023. – Т. 78. – №1. – Р. 89-98. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.1-08>.
- 4 Колядич Т.М. Желілік кеңістіктегі әдебиет [Электрондық ресурс]. – 2016. – URL: <https://epub3.livejournal.com/31196.html> (қаралған күні: 30.09.2023).
- 5 Щербинина Ю.В. Кітап иллюзия ретінде. – М.: Альпина нон-фикшн, 2023. – 384 б.
- 6 De Jorge M. G. Electronic Literature and transmedia narratives: Reflections on the use of the interface // Literatura digital y narrativas transmedia: Reflexiones sobre el uso de la interfaz. Caracteres. – 2019. – № 8(1). – Р. 338-361.
- 7 Чупринин С. Бүгінгі орыс әдебиеті: түсінікпен өмір сүру. – М., 2007. – 766 б.
- 8 Weiyang Q., Zhicheng P. The Development of Network Literature and Art in the “Aesthetic and Historical perspectives” 6th International Conference on Education, Language, Art and Inter-cultural Communication ICELAIC 2019. Advances in Social Science, Education and Humanities Research, volume 378.
- 9 Жердев Г. Қысқаша мазмұндағы 1997-98 жылдардағы сәтәратура туралы пікірталас [Электрон. ресурс]. – 2000. – URL: <https://www.netslova.ru/teoriya/discus.html> (қаралған күні: 30.09.2023).
- 10 Ермолин Е. Желідегі сыншы // Ту. – 2003. № 3. – Б. 44.
- 11 Nurbayeva A., Serikova S., Bugenova L., Smailova F., Atembayeva G., Baibolov A. Teachers' views on the methodology of teaching Internet literature // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2022. – Volume 17. Issue 8. – Р. 2946-2959. DOI: <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i8.7911>.
- 12 Бурцева С.С. Орыс әдебиетінің теориясы мен тарихы. – Якутск: СШФУ, 2019. – 102 б.
- 13 Сәулембек Г.Р. Мерей Қосын шығармаларындағы интертекст // Ясауи университетінің Хабаршысы. – 2020. – № 1(115). – Б. 145-154.
- 14 Ахметова А., Ақыш Н. Кибер-әдебиеттің жанр категориясы // Of the national academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of social and human sciences. – 2020. – Volume 4. – №332. – Р. 277-288.
- 15 Долгополов А.Ю. Ресейлік ғаламтордағы әдеби үдерістің қалыптасуы: құрылымы, ерекшеліктері, ұйымдастырылуы және қызметі: фил. ғыл. кан. дис. – Тольятти: ТМУ, 2005. – 168 б.

Материал 25.01.2024 баспаға түсті

Понятие сетевой литературы в искусстве художественного слова: история, особенности

Ж. Секей¹, М. Амангазықызы²

¹Университет имени Шакарима города Семей, Семей, 071417, Республика Казахстан

²Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Астана, 010000, Республика Казахстан

В статье рассматривается происхождение понятия сетевой литературы, его состояние в современном литературном процессе и основные особенности. Анализируются не только вопросы, связанные с историей становления и развития термина сетевая литература, но и факторы, способствующие распространению традиционной литературы в глобальной сети. Важность статьи обусловлена отсутствием в казахстанском литературоведении фундаментальных исследований, связанных с сетевой литературой; имеются лишь единичные статьи, посвященные изучению сетевых жанров в нашей

национальной литературе. Сегодня ощущается дефицит объемных научных работ, написанных по проблемам сетевой литературы. Несмотря на то что сетевая литература стала предметом изучения многих дисциплин, таких как социология, литературоведение, фольклористика, культурология, до сих пор не сформирован универсальный методологический аппарат для изучения сетевой литературы, учитывающий ее особенности. В статье выделены основные этапы процесса формирования сетевой литературы, связанные со свободным входжением Интернета в нашу жизнь в результате бурного развития информационных технологий. Кроме того, за основу взяты взгляды упомянутых ученых на понятие сетевой литературы и проанализированы с литературно-теоретической точки зрения. В ходе исследования делается вывод о том, что сетевая литература, обладающая уникальными свойствами традиционной литературы и по своим характеристикам являющаяся новым явлением в литературоведении, должна стать объектом масштабных научных исследований.

Ключевые слова: сеть Интернет, сетевая литература, информационное общество, гиперссылка, сетевой автор.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Акыш Н. Общечеловеческие ценности в современной литературе. – А.: Evo Press, 2014. – 708 с.
- 2 Рослый А.С. Сетевая литература как факт актуального литературного процесса // Известия Южного Федерального Университета. Сер. фил. – 2012. – № 2. – С. 50-56.
- 3 Kenzhekozhaeva A., Mambetov J. O. History of formation and development of the concept of digital literature // Керуен. – 2023. – Т. 78. – №1. – Р. 89-98. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.1-08>.
- 4 Колядич Т.М. Литература в сетевом пространстве [Электрон. ресурс]. – 2016. – URL: <https://epub3.livejournal.com/31196.html> (дата просмотра: 30.09.2023).
- 5 Щербинина Ю. В. Книга как иллюзия. – М.: Альпина нон-фикшн, 2023. – 384 с.
- 6 De Jorge M. G. Electronic Literature and transmedia narratives: Reflections on the use of the interface // Literatura digital y narrativas transmedia: Reflexiones sobre el uso de la interfaz. Caracteres. – 2019. – № 8(1). – Р. 338-361.
- 7 Чупринин С. Русская литература сегодня: жизнь по понятиям. – М., 2007. – 766 с.
- 8 Weiying Q., Zhicheng P. The Development of Network Literature and Art in the “Aesthetic and Historical perspectives” 6th International Conference on Education, Language, Art and Inter-cultural Communication ICELAIC 2019. Advances in Social Science, Education and Humanities Research, volume 378.
- 9 Жердев Г. Дискуссия о сетевая литература 1997-98 в кратком изложении [Электрон. ресурс]. – 2000. – URL: <https://www.netslova.ru/teoriya/discus.html> (дата просмотра: 30.09.2023).
- 10 Ермолин Е. Критик в Сети // Знамя. – 2003. № 3. – С. 44.
- 11 Nurbaeva A., Serikova S., Bugenova L., Smailova F., Atembayeva G., Baibolov A. Teachers' views on the methodology of teaching Internet literature // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2022. – Volume 17. Issue 8. – Р. 2946-2959. DOI: <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i8.7911>.
- 12 Бурцева С. С. Теория и история русской литературы. – Якутск: СВПУ, 2019. – 102 с.
- 13 Саулембек Г.Р. Интертекст в произведениях Мерея Косына // Вестник университета Ясави. – 2020. – № 1(115). – С. 145-154.
- 14 Ахметова А., Акыш Н. Жанровая категория кибер-литературы // Of the national academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of social and human sciences. – 2020. – Volume 4. – №332. – Р. 277-288.

Материал поступил в редакцию журнала 25.01.2024

The concept of network literature in the art of the artistic word: history, specifics

Zh. Sekey¹, M. Amangazykyz²

¹Shakarim University of Semey city, Semey, 071417, Republic of Kazakhstan

²A.K. Kussayinov Eurasian humanities institute, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

The article discusses the origin of the concept of network literature, its state in the modern literary process, and its main features. Not only issues related to the history of the formation and development of the term network literature are analyzed but also factors contributing to the spread of traditional literature in the global network. The importance of the article arises from the lack of basic research in Kazakh literary studies related to online literature; there are only a few articles devoted to the study of online genres in our national literature. Today, there is a shortage of voluminous scientific works written on the problems of network literature. Even though network literature has become a subject of study in many disciplines, such as sociology, literary studies, folklore studies, and cultural studies, a universal methodological apparatus for the network literature study has not yet been formed that considers its features. The article identifies the main stages of the formation process of network literature associated with the free entry of the Internet into our lives as a result of the rapid development of Information Technologies. In addition, the views of the scientists mentioned concerning the network literature concept are taken as a basis and analyzed from a literary and theoretical point of view. In the research, it is concluded that online literature, which possesses the unique properties of traditional literature and has its characteristics as a new phenomenon in literary studies, should become an object of large-scale scientific research.

Key words: internet network, network literature, information society, hyperlink, network author.

REFERENCES

- 1 Akys N. Kazirgi adebiettegi zhalpyadamdyk kundylyktar [Universal values in modern literature] (Almaty, 2014).
- 2 Roslyj A.S. Setevaya literatura kak fakt aktual'nogo literaturnogo processa [Online literature as a fact of the actual literary process], Izvestiya Yuzhnogo Federal'nogo Universiteta [Proceedings of the Southern Federal University], Ser. fil [Ser. phil.], (2), 50-56 (2012). [in Russian]
- 3 Kenzhekozhaeva A., Mambetov J.O. History of formation and development of the concept of digital literature, Keruen [Caravan], 78(1), 89-98 (2023). [in English]
- 4 Kolyadich T.M. Literatura v setevom prostranstve [Literature in the network space]. Available at: URL: <https://epub3.livejournal.com/31196.html> (accessed 30.09.2023).
- 5 Shcherbinina Yu.V. Kniga kak illyuziya [The book as an illusion] (Moscow, 2023).
- 6 De Jorge M.G. Electronic Literature and transmedia narratives: Reflections on the use of the interface // Literatura digital y narrativas transmedia: Reflexiones sobre el uso de la interfaz. Caracteres, (8(1)), 338-361 (2019).
- 7 Chuprinin S. Russkaya literatura segodnya: zhizn' po ponyatiyam [Russian literature today: life by concepts] (Moscow, 2007).
- 8 Weiying Q., Zhicheng P. The Development of Network Literature and Art in the “Aesthetic and Historical perspectives” 6th International Conference on Education, Language, Art and Inter-cultural Communication ICELAIC 2019. Advances in Social Science, Education and Humanities Research, (378).
- 9 Zherdev G. Diskussiya o seteratura 1997-98 v kratkom izlozhenii [Discussion of the 1997-98 network literature in summary]. Available at: <https://www.netslova.ru/teoriya/discus.html> (accessed 30.09.2023).
- 10 Ermolin E. Kritik v Seti [Critic on the Web], Znamya [Banner], (3) 44 (2003). [in Russian]

11 Nurbayeva A., Serikova S., Bugenova L., Smailova F., Atembayeva G., Baibolov A. Teachers' views on the methodology of teaching Internet literature, *Cypriot Journal of Educational Sciences*, 17(8), 2946-2959 (2022). [in English]

12 Burceva S.S. *Teoriya i istoriya russkoj literatury* [Theory and history of Russian literature] (Yakutsk, 2019).

13 Saulembek G.R. *Merej Kosyn shygarmalaryndagy intertekst* [Intertext in the works of Merey Kosyn], *Yasau universitetinin habarshysy* [Bulletin of the University of Yasavi], (1(115), 145-154 (2020). [in Kazakh]

14 Ahmetova A., Akysh N. *Kiber-adebiettin zhanr kategoriyasy* [Genre category of Cyber literature], *Of the national academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of social and human sciences*, 4(332), 277-288 (2020). [in Kazakh]

15 Dolgoplov A. Yu. *Formirovanie literaturnogo processa v rossijskom Internetе: struktura, osobennosti, organizacii i funkcionirovaniya*. Diss. kand. filol. nauk [Dolgoplov A. Yu. Formation of the literary process in the Russian Internet: structure, features, organization and functioning: dis. Candidate of Philology. sciences.]. Tol'yatti, 2005. 168 p.

Received: 25.01.2024

МРНТИ 17.71.91

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp200-213](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp200-213)

Г.З. Шашкина

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

СТРУКТУРНО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКОЙ НАРОДНОЙ СКАЗКИ «ЕР-ТОСТИК»

Объектом исследования является казахская народная сказка «Ер-Тостик», в которой рассматриваются структурно-семантические особенности – композиционные и содержательные элементы в их глубокой взаимосвязи. Произведена попытка рассмотрения структуры «Ер-Тостика», исходя из 31 функции В.Я. Проппа. Результаты показали, что архитектура сказки вполне укладывается в выделенные российским ученым функции. Сказка включает в себя признаки волшебной сказки (наличие волшебства, волшебных помощников и волшебных предметов, схематизм образов, прием антитезы, наличие устойчивых фольклорных формул, наличие всех элементов сюжетной композиции, сказочный хронотоп, вертикальная модель мира, счастливый конец, отражение национального менталитета, традиций и обычаев, социального устройства общества) и героического эпоса (вкрапление стихотворных текстов, наличие конкретного линейного времени, отсутствие оборотничества главных героев). Поэтому жанр «Ер-Тостика» можно определить как волшебно-героическую сказку.

Ключевые слова: «Ер-Тостик», функции В.Я. Проппа, волшебная сказка, казахская волшебная сказка, волшебно-героическая сказка.

ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

Наиболее близким к мифу жанром устного народного творчества является волшебная сказка. Композиционную структуру русских народных волшебных сказок подробно рассмотрел В.Я. Пропп, предложив перечень из 31 функции, из которых, как из кирпичиков, можно «собрать» любую волшебную сказку [1]. Структуру казахских волшебных сказок исходя из 31 функции В.Я. Проппа исследовала Назгуль Мингишева в своей замечательной